

**Арнайы шоттағы ақшаны пайдалану және уақытша бос қаражатты орналастыру ережесін бекіту туралы Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.11.29. N 1133 ( алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 қыркүйектегі N 973 Қаулысы "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Арнайы шоттағы ақшаны пайдалану және уақытша бос қаражатты орналастыру ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

1 7

қ ы р к ү й е к т е г і

N

9 7 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Арнайы шоттағы ақшаны пайдалану және уақытша бос қаражатты орналастыру ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес агенттің арнайы шоттағы ақшаны пайдалану және уақытша бос қаражатты орналастыру тәртібін реттейді.

2. Арнайы шоттағы ақша мынадай мақсаттарға жұмсалады:

- 1) қолайсыз табиғат құбылыстарының нәтижесінде туындаған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандырушыға сақтандыру төлемінің елу пайызын өтеуге;
- 2) уақытша бос ақшаны депозитке орналастыруға;
- 3) агенттің қызметтеріне ақы төлеуге.

3. Осы ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) агент - өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін республикалық бюджеттен бөлінетін қаражатты басқару үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды

т ұ л ғ а ;

2) арнайы шот - өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінетін бюджет қаражаты есепке алынатын қазынашылықтағы шот;

3) сақтандырушы - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензия алған, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе шартпен белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде оның пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізуге м і н д е т т і з а ң д ы т ұ л ғ а ;

4) бағалау кірісі - егін жиналғаннан кейін және оны алуға қолайсыз табиғат құбылысы әсер еткен өсімдік шаруашылығы өнімі түрінің бар көлемі сатылғанға дейін есептелінетін кіріс.

## **2. Ақшаның арнайы шотқа түсу тәртібі**

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - АШМ) агентпен өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдауға республикалық бюджеттен бөлінген бюджет қаражатын басқару шартын (бұдан әрі - б а с қ а р у ш а р т ы) ж а с а й д ы .

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Қаржымині) белгіленген тәртіппен басқару шартының сомасына міндеттемелер қабылдауға АШМ-ға қ а з ы н а ш ы л ы қ р ұ қ с а т б е р е д і .

6. Қаржымині басқару шарты негізінде заңнамада белгіленген тәртіппен агентке бюджет қаражатын басқаруды жүзеге асыру үшін арнайы шот ашады.

7. АШМ жыл сайын, арнайы шот ашылған сәттен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей, өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдауға бөлінген бюджет қаражатын бірыңғай траншпен Агенттің арнайы шотына аударады.

## **3. Арнайы шоттағы ақшаны пайдалану тәртібі**

8. Агенттің қызметтеріне арнайы шоттан ақы төлеу АШМ және Агент арасында өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдауға бөлінген бюджет қаражатын басқару шарты жасалғаннан кейін 15 күнтізбелік күн ішінде жылына б і р р е т жүзеге асырылады.

9. Сақтандырушы агентпен жасалған шарттағы талаптардың міндетті түрде сақталуымен сақтандыру төлемі жөніндегі өзінің міндеттемелерін толық орындағаннан кейін ғана сақтандырушы өндірген сақтандыру төлемінің бір бөлігін өтеуді Агент жүзеге асырады.

10. Агент қолайсыз табиғат құбылыстарының нәтижесінде туындаған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандырушыларға сақтандыру төлемдерінің елу пайызын өтеуді соңғысы өтініш берген күннен бастап бір ай мерзімде мынадай құжаттарды қоса бере отырып, жүзеге асырады:

өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартының нотариалды  
расталған көшірмесі;

жүргізілген сақтандыру төлемін растайтын құжаттар (төлем тапсырмасы -  
түпнұсқа, шығыс ордері - нотариалды расталған көшірме);

комиссияның барлық мүшелері қол қойған зерттеу актісі;  
гидрометеорологиялық қызмет органының және (немесе) табиғи және  
техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті мемлекеттік  
органның өз құзыретіне сәйкес қолайсыз табиғат құбылысы фактісін растайтын  
анықтаманың нотариалды расталған көшірмесі;

сақтандырушы растаған бағалау кірісін бағалау туралы құжаттың көшірмесі.

11. Агент арнайы шоттан сақтандырушының банктік шотына сақтандыру  
төлемдерінің бір бөлігін өтеу сомасын аудару үшін құжаттардың осы Ереженің  
талаптарына сәйкестігін тексереді және олар толық сәйкес болған жағдайда  
Қаржымині қазынашылығының аумақтық органына өтеуді төлеуге арналған  
төлем тапсырмасын, өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру  
шарттарының көшірмелерін және сақтандырушы жүргізген сақтандыру төлемін  
растайтын құжаттарды (төлем тапсырмасының түпнұсқасы, шығыс ордерінің  
нотариалды расталған көшірмесі) береді.

12. Сақтандырушы Агентпен бірге арнайы шоттағы ақшаны алғаннан кейін 5  
жұмыс күні ішінде Агенттің сақтандыру төлемінің бір бөлігін өтеу сомасы  
бойынша үш данадағы салыстыру актісін ресімдейді.

13. Агент тоқсан сайын, есептіден кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей 1  
және 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша сақтандыру төлемдерінің бір  
бөлігін өндірілген өтеу туралы есептерді АШМ-ге мынадай құжаттарды қоса  
беріп ұсынады:

сақтандырушылармен жасалған салыстыру актілері;  
арнайы шоттан өтеулердің өндірілген төлемдері туралы үзінді көшірме;  
өтеулерді төлеуге арналған төлем құжаттарының көшірмелері.

14. Сақтандырушы агентке көрінеу жалған мәліметтерді немесе өндірілген  
сақтандыру төлемінің бір бөлігін өтеуге байланысты құжаттарды хабарлаған  
және (немесе) берген жағдайда агент сақтандырушыға өндірілген сақтандыру  
төлемінің бір бөлігін өтеуден бас тартады.

15. Агент арнайы шоттың түсімдері мен қаражатын пайдалану жөніндегі  
операциялардың бухгалтерлік есебін өз қызметінің нәтижелерінен оқшау  
жүргізеді.

16. Агенттің арнайы шоттағы қаражатының қаржы жылының соңындағы  
есептелген қалдығы бюджетке қайтарылуға жатпайды және осы Ереженің 2-  
тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес пайдаланылады.

17. Агент бюджет қаражатын орынсыз пайдаланғаны үшін Қазақстан

Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауап береді.

18. Агенттің арнайы шотындағы ақшаның мақсатты пайдаланылуын бақылауды уәкілетті мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

*РҚАО-ның ескертуі.* P020832 (9-бөлім), P990626

19. Агент жыл сайын тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын құру кезінде сақтандырушыларға сақтандыру төлемдерінің бір бөлігін өтеу үшін бюджет қаражатына есептелген қажеттілікті АШМ-ге ұсынады.

#### **4. Уақытша бос қаражатты депозитке орналастыру тәртібі**

20. Агент АШМ-мен келісім бойынша уақытша бос қаражаттың бір бөлігін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде (бұдан әрі - ҰБ) депозиттік шотқа ҰБ-мен Салым операцияларын жүзеге асыру кезінде қолданылатын стандарттық шарттар туралы тиісті бас келісім (бұдан әрі - Бас келісім) жасасу жолымен о р н а л а с т ы р а д ы .

21. Салым бойынша сыйақы ставкасы Бас келісіммен айқындалады және рынок конъюнктурасы мен ҰБ ұсынысы ескеріле отырып белгіленеді.

22. Сыйақы сомасы Бас келісімде көзделген ставкаға сәйкес есептеледі.

23. Есептелген сыйақымен банк салымын қайтару мерзімі бұзылған кезде ҰБ агентке Бас келісімнің шарттарына сәйкес тұрақсыздық айыбын (айыппұл, ө с і м а қ ы ) т ө л е у г е т и і с .

24. Мерзімді банк салымдарын бастапқы орналастыру мерзімі үш күнтізбелік айдан аспауға тиіс және одан әрі мерзімдерді ұзарту үш айдан аспайтын мерзімге р ұ қ с а т е т і л е д і .

25. Бас келісім мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, есептелген сыйақымен банк салымын қайтару мерзімі талап түскен күнді қоса алғанда, бес банктік кү н н е н а с п а у ғ а т и і с .

26. ҰБ Бас келісімнің мерзімі аяқталған соң Бас келісімге сәйкес деректемелер берудің айтылған шарттары бойынша агентке банк салымының және с ы й а қ ы н ы ң с о м а с ы н қ а й т а р а д ы .

27. Арнайы шоттағы уақытша бос қаражатты депозиттерге орналастырудан түскен кірістер арнайы шотты толтыруға пайдаланылады.

28. Агент тоқсан сайын есептіден кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей арнайы шоттағы уақытша бос қаражатты депозиттерге орналастыру және алынған кірістер туралы ақпаратты АШМ-ге береді.

А р н а й ы ш о т т а ғ ы а қ ш а н ы  
п а й д а л а н у ж ә н е у а қ ы т ш а

бос қаражатты орналастыру  
ережесіне

1-қосымша

200\_ жылғы \_\_\_\_\_ бастап 200\_ жылғы \_\_\_\_\_  
кезеңдегі Агенттің арнайы шоты  
бойынша ақшаның қозғалысы туралы  
есеп

Атауы	Тоқсандар бойынша сомасы	Есепті кезеңдегі ақша қозғалысының жиыны		
	1	2	3	4

200\_ жылғы 1 қаңтардағы ақша қалдығы

Есепті кезеңдегі түсетін түсімдер,

Барлығы

оның ішінде:

бюджет қаражаты

депозиттік шоттан түсетін сыйақы

Шығыстар, барлығы

оның ішінде:

сақтандыру төлемдерінің өтелуі

агенттің қызметтеріне ақы төлеу

депозитке орналастыру

Есепті кезеңінің соңындағы қаржының қалдығы

Агенттің басшысы \_\_\_\_\_  
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты)

мөр орны

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_  
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты)

Арнайы шоттағы ақшаны  
пайдалану және уақытша

бос қаражатты орналастыру  
ережесіне

2-қосымша

**Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы  
200\_жылғы \_\_\_\_\_ жағдай бойынша есеп**

( теңгемен )

---

Р/с	Сақтандыру	Сақтанушы.	Сақтанушы.	Сақтандырушы.	Агенттің
N	ұйымының	лармен	лармен	ның сақтанушы.	сақтандыру.
	атауы	жасалған	жасалған	ларға өндірген	шыға
		шарттардың	шарттар	сақтандыру	сақтандыру
		саны	бойынша	төлемдерінің	төлемдерінің
			жалпы	сомасы	бір бөлігін
			сақтандыру		өтеу сомасы
			с о м а с ы		

---

Агенттің басшысы \_\_\_\_\_

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты)

мөр орны

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты)